

ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(4)2023



УДК 069

ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІ – МӘДЕНИ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН НЕГІЗГІ ҰЙЫМДАР**Ә. Күзербаев**

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы

Андатпа. Мақалада Қазақстандағы тәуелсіздік жылдарында музейлердің пайда болу, көбею себептері мен динамикасы жан-жақты талқыланады. Мемлекеттік бағдарламалардың, үлкен мерейтойлық жылдардың, жаңадан табылған аса құнды жәдігерлердің музейлерді құруға тигізген әсері жөнінде айтылады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлытауда мәдени туризмді дамыту бойынша алға қойған міндеттері сөз болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері: қолданған материалдардың басымы Қазақстан мәдениеті бойынша отандық ғалымдардың жаңа ғылыми зерттеулері нәтижелері негізінде Қазақстанның тәуелсіздік кезінде жаңадан ашылған музейлері туралы деректер болды. Негізгі зерттеу әдісі – соңғы жылдары жүргізіліп жатқан мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты, соның ішінде музейлердің қалыптасуы мәселелерін талдау болды.

Тірек сөздер: музей, мәдени саясат, тарихи жады, мәдени құндылықтар.

Сілтеме жасау үшін: Ә. Күзербаев. Қазақстан музейлері – мәдени саясатты жүзеге асыратын негізгі ұйымдар//MUSEUM.KZ. 2023. №4 (4). 88-93 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.12

МУЗЕИ КАЗАХСТАНА – ОСНОВНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ РЕАЛИЗАЦИИ КУЛЬТУРНОЙ ПОЛИТИКИ**А. Кузербаев**

Национальный историко-культурный и природный музей-заповедник «Улытау»

Аннотация. В статье подробно рассматриваются причины возникновения и динамика роста музеев в Казахстане за годы Независимости. Отмечается влияние государственных программ, больших юбилейных дат, вновь обнаруженных особо ценных экспонатов на создание музеев. Также обращено внимание на важные задачи, поставленные Главой государства К. Токаевым, направленные на развитие культурного туризма в Улытау.

Материалы и методы исследования. Большую часть использованных материалов составили данные о вновь открытых музеях Казахстана в период Независимости, использованы также результаты новых научных исследований отечественных ученых по истории и культуре Казахстана. Основным методом исследования стал анализ государственной политики в области культуры, в том числе направленные на создание музеев, проводимой в последние годы в республике.

Ключевые слова: музей, культурная политика, историческая память, культурные ценности.

Для цитирования: А. Кузербаев. Музеи Казахстана – основные организации Реализации культурной политики//MUSEUM.KZ.2023. №4 (4). С. 88-93. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.12

MUSEUMS OF KAZAKHSTAN - THE MAIN ORGANIZATIONS**А. Kuzerbayev**

National historical, cultural and natural museum-reserve «Ulytau»

Abstract. The article discusses in detail the reasons and dynamics of the emergence and growth of museums in Kazakhstan during the years of independence. It describes the impact of state

programs, large anniversaries, newly discovered especially valuable exhibits on the creation of museums. In addition, the tasks set forth by the Head of State K. Tokaev on the development of cultural tourism in Ulytau will be discussed.

Materials and methods: Most of the materials used were data on newly opened museums of Kazakhstan during the period of independence, based on the results of new scientific research by domestic scientists on the culture of Kazakhstan. The main method of research was the analysis of the state policy in the field of culture carried out in recent years, including the problems of the formation of museums.

Keywords: museum, cultural policy, historical memory, cultural values.

For citation: A. Kuzerbayev. Museums of Kazakhstan - the main organizations//MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). p.p. 88-93. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.12

Кіріспе.

Музей – әрбір халықтың ежелден осы заманға дейінгі тарихы мен мәдениетін сақтап, зерттеп, насихаттап отырған ірі рухани орталығы екені сөзсіз. Сол себепті де мәдени, рухани саладағы ауқымды өзгерістер немесе реформалар міндетті түрде мемлекеттік музейлерден көрініс тауып отырады. Мысалы, Кеңес заманында музейлердің экспозициялары негізінен сол кездегі идеологияның талаптарына сәйкес құрылса, бүгінде музейлер халқымыздың бай тарихын, мәдениетін, табиғатын, жетістіктерін көрсететін көпфункционалы орталықтарға айналды.

Қазіргі уақытта елімізде барлығы 280-ге жуық мемлекеттік музей қызмет ететін болса, соның шамамен 70%-дан астамы Тәуелсіздік жылдары құрылған.

Талқылау.

Музейлердің ішіндегі ең ірілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы өнер музейі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы, «Отырар» археологиялық музей-қорығы және т.б. жатады.

Қазақстандағы музейлер негізінен 1990-шы және 2000-шы жылдардың басында өте көп құрылған. Мысалы, 1991-1993 жылдары елімізде 30-ға жуық музей пайда болса, 2001-2003 жылдары 40-ға жуық музей пайда болған. Егер 1990-шы жж. басында музейлердің күрт көбеюін халқымыздың бойындағы ұлттық сана-сезімінің күшеюімен, тарихқа, тарихи тұлғаларға деген қызығушылықтың, құрметтің артуымен байланыстырсақ, 2000-шы жылдардың басындағы бұл үлкен көрсеткішті Қазақстан Республикасы Президентінің «2000 жылды Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялауымен байланыстыруға болатын секілді. Себебі, осы атаулы жылға орай Іс-шаралар жоспары бекітіліп, онда тарихи-мәдени мұраларды қорғау, зерттеу, насихаттау бағытындағы шаралар қарастырылды.

Осылайша, 2001 жылы Қазақстандағы музейлердің жалпы саны 103 болса, 2002 жылы 121-ге, 2003 жылы 143-ке, 2004 жылы 172-ге, ал 2005 жылы 187 музейге дейін артқан. Онан кейінгі жылдары бұл қарқын сәл бәсеңдеп, жылына орташа есеппен алғанда 5-6 музейге көбейіп отырған.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізде сталинизм дәуіріндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының тарихын зерттеу, оларды ақтау мәселесі жақсылап қолға алынғаны белгілі. Атап айтқанда, 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң шықты, 1997 жыл Президент Жарлығымен «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып белгіленді. Оларды ұлықтау мақсатында қаншама ғылыми жұмыстар, зерттеулер жүргізілді, кітаптар дүниеге келді, деректі фильмдер түсірілді, олардың мерейтойлары мен шығармашылық кештері аталып өтті. Осы ауқымды жұмыстардың нәтижелерінде еліміздің бірнеше өңірінде арнайы музейлер ашылды. Олар: Алматы облысының Жаңалық елді мекеніндегі, Қарағанды облысының Долинка кентіндегі, Астананың жанындағы Ақмол ауылындағы және Шымкент қаласындағы Саяси қуғын-

сүргін құрбандарын есте сақтау музейлері. Бүгінде бұл музейлер ХХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы жазықсыз жазаланған 100 мыңнан астам қазақстандықтарды еске алуға арналған ұйымдар ретінде мәдени-ағартушылық, ғылыми-танымдық, қоғамдық маңызы бар және т.б. шаралармен айналысуда. Мұнан бөлек, ұлты үшін жандарын пида етіп, саяси қуғын-сүргін құрбандарына айналған біртуар тұлғаларымыз – Ахмет Байтұрсынұлына, Мағжан Дулатұлына, Нәзір Төрекұловқа, Маржан Жұмабаевқа, Ілияс Жансүгіровке, Сәкен Сейфуллинге және т.б. көптеген тарихи тұлғаларға туған және қызмет еткен өңірлерінен мемориалдық музейлер ашылды. Жалпы алғанда, жаңадан құрылған музейлердің ішінде басқа бейіндегі музейлерге қарағанда мемориалдық музейлердің үлесі басымдау болды.

Ал, 2021 жылы 5 қаңтарда жарық көрген Мемлекет Басшысы Қ. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында Президент елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерін еске алып, олардың мұрасын жан-жақты насихаттау қажеттігін айтқан болатын. Осыған орай, еліміздегі музейлерде, архивтерде және т.б. ұйымдарда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған шаралар ұйымдастырылды. Мысалға алсақ, ҚР Ұлттық музейі өңірлік музейлер қызметкерлерінің, көрнекті тарихшылар мен зерттеушілердің қатысуымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандары және музей құндылықтары» атты дөңгелек үстелдер өткізді.

Сонымен, жаңа музейлердің пайда болуына идеология саласындағы мемлекет бағдарламалар, тарихи тұлғалар мен оқиғаларды есте қалдыруға, жаңадан табылған археологиялық құндылықтарды сақтауға және насихаттауға деген талпыныстардың әсер еткені анық. Мысалға, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының құрылуын алып қарайық. Мұнда 1998-1999 жж. сақ обаларын жүйелі түрде зерттеп, қазба жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде әлем археологтарын таң қалдырған өте құнды жәдігерлер (*сақ көсемі мен әйелдің және ер тоқымымен бірге жерленген 13 жылқының мүрдесі, патшаның салтанат киімі, мініс аттардың ат әбзелдері, агаштан, былғарыдан, киізден аң стилінде жасалған мыңнан астам қолөнер жәдігерлері*) табылған болатын. Кейінірек осы обалардың аумағында ашық аспан астындағы музей ашу туралы ұсыныстар көтерілді. Осылайша, 2008 жылы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 674 Қаулысымен «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі құрылды. Қазіргі уақытта музей-қорықтың аумағында 100-ден астам обалар мен осы обалардан табылған жәдігерлер жинақталған кіші-гірім музей бар.

Сол тәрізді алғашқы «Алтын адам» табылған есік қорғанының жанынан 2010 жылы «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ашылған болатын. Осылайша, мемлекеттің тікелей қолдауының арқасында көне қорымдар мекені аз уақыттың ішінде республикалық дәрежедегі маңызды музей-қорықтарға айналды.

Ал, 2004 жылы Алматы облысындағы Таңбалы археологиялық петроглифтері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мұра тізіміне енгізілгені белгілі. Қола, темір дәуірлерінің мұраларын сақтап қалу мақсатында мұнда да республикалық деңгейдегі музей-қорық құрылған болатын.

2017 жылы тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарық көргенін баршамыз білеміз. Аталған мақалада «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын қолға алып, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін жасау қажеттігі, сөйтіп халқымыздың ұлттық бірегейлігін нығайту қажеттігі айтылды. Осыған сәйкес 2018 жылы ҚР Үкіметінің қаулыларымен Мәдениет және спорт министрлігіне бағынысты «Бозок», «Ботай» және «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықтары құрылды. Музей-қорықтарды құрудағы мақсат - Астана қаласының, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан киелі, тарихи-мәдени мұра объектілерін тиімді қорғау және пайдалану, мәдени-туристік кластерлерді дамыту және мәдениет саласында қызмет көрсетудің сапасы мен алуан түрлілігін арттыру болды. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде аталған үш музей-қорықтың да аумақтарынан көптеген құнды жәдігерлер табылған еді. Бүгінде

жинақталған жәдігерлердің бірқатары музейлердегі экспозициялардан орын алған.

Елімізде тарихи кешендерді, ескерткіштерді, музейлерді белгілі бір мерейтойдың аясында ашу да дәстүрге айналған. Мысалы, 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту аясында «Көне Тараз» музейі салтанатты түрде ашылды. Бұл музейдің негізгі қоры 2 мың жылдық тарихы бар Тараз қалашығынан соңғы жылдары табылған көне жәдігерлерді құрайды. Сол тәрізді 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын атап өту жөніндегі Президент Қ. Тоқаевтың арнайы Жарлығы шығып, мерейтойды атап өту жөнінде Іс-шаралар жоспары қабылданған болатын. Осы жоспарға сәйкес 2020 жылы Семейдегі және Жидебайдағы Абай музейлерінің ескірген экспозициялары қайта жаңғыртылды.

Ал, 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауға арнайы келіп, «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде: *«Ата-бабалардың аманатына адал болу – бізге сын. Сондықтан біз Алтын орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет»* деген еді. Осыдан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы №1059 Қаулысымен «Ұлық Ұлыс» – Алтын Орданың 750 жылдығын дайындау және мерекелеу жөніндегі іс-шаралар» жоспары бекітіліп, онда Жошы ханға арналған тарихи-мәдени кешеннің құрылысын салу мәселесі енгізілді. Осылайша, 2021 жылы Ұлытау ауданында заманауи «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені бой көтерді. Кешенге сол дәуірге жататын Ұлытау өңіріндегі экспонаттардың көшірмелері қойылған. Сондай-ақ, кешеннің ішінде қонақ үйі, асхана бөлмесі, фильм көрсететін зал қарастырылған.

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығына келсек, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2018-2020 жылдары Ұлытауда туристік кластерді дамыту мақсатында музей-қорықтың сапар орталығы салынды және музейлендірілді. Осының арқасында киелі өлкеге келулер саны одан әрі арта түсті.

Қорытынды.

Бүгінде «Ұлытау» музей-қорығы өзінің негізгі қызметіне сәйкес Ұлытау өңірінің тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау, насихаттау, музей заттарын қорғауды қамтамасыз ету, реставрациялау, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және т. б. маңызды шаралармен айналысып келеді. Алдағы уақытта «Ұлытау» музей-қорығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген міндеттерге қол жеткізу мақсатында тиісті шараларды жүйелі түрде жүзеге асыра беретін болады.

ӘДЕБИЕТ

«ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігінің сайты https://kaz.inform.kz/news/kazak-handygynyn-550-zhyldygy-taraz-halky-konaktardy-merekelik-koncerttermen-zhane-dastarhanmen-karsy-aldy-foto_a2851966/ 21.12.2015

Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy; 12.04.2017

«Егемен Қазақстан» газеті <https://egemen.kz/article/170370-elimizde-respublikalyq-denhgeydegi-ush-muzeu-qoryghy-ashyldy-%E2%80%94%94%2%A0b-abdighaliuly>; 13.06.2018

Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynda-soilegen-sozi; 24.08.2019

«Егемен Қазақстан» газеті <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>; 05.01.2021

«Ұлттық статистика бюросының» сайты <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/spreadsheets/>; 09.07.2023
 culture/spreadsheets/; 09.07.2023

REFERENCES

Website «International Information Agency Kazinformation»
https://kaz.inform.kz/news/kazak-handygynyn-550-zhyldygy-taraz-halky-konaktardy-merekelik-koncerttermen-zhane-dastarhanmen-karsy-aldy-foto_a2851966/ 21.12.2015 (In Kazakh)

Official website of the president of the Republic of Kazakhstan
https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy; 12.04.2017 (In Kazakh)

Newspaper «Egemen Kazakhstan» <https://egemen.kz/article/170370-elimizde-respublikalyq-denhgeydegi-ush-muzey-qoryghy-ashyldy-%E2%80%94%20%94%20%A0b-abdighaliuly>; 13.06.2018 (In Kazakh)

Official website of the president of the Republic of Kazakhstan
https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynda-soilegen-sozi; 24.08.2019 (In Kazakh)

Newspaper «Egemen Kazakhstan» <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinengymbat>; 05.01.2021 (In Kazakh)

Website «Bureau of National Statistics» <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/spreadsheets/>; 09.07.2023 (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Күзербаев Әлібек – «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы (Ұлытау облысы, Ұлытау ауылы, Бұлқышев к-сі, 25). E-mail: kalibek2006ma@mail.ru

Сведения об авторе: Кузербаев Алибек – директор Национального историко-культурного и природного музея-заповедника «Улытау» (Область Улытау, село Улытау, улица Бұлқышева, 25). E-mail: kalibek2006ma@mail.ru

Information about the author: Kuzerbaev Alibek – Director of the National Historical, Cultural and Natural Museum-Reserve “Ulytau” (Ulytau region, Ulytau village, Bulkysheva street, 25). E-mail: kalibek2006ma@mail.ru